

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ: САПАСЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осы ұйым арасындағы Қазақстан Республикасына кешенді елдік шолу жүргізу туралы келісім негізінде жүргізілген шолу нәтижелерін ресімдеу мәселелері қарастырылады. Шолудың ағылшын тілінде жасалып, орыс тіліне аударылған мәтінінде көптеген тілдік және құқықтық кемшіліктерге жол берілген, сондықтан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тілдік сапасы мен әлеуеті төмен құжаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге негіз бола болмайды. Үлгі құжат барлық жағынан да үлгілі болуы қажет.

Тірек сөздер: Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, шолу, ресми ақпарат, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, тілдік және құқықтық қателер.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы оформления результатов обзора, проведенного на основе Соглашения о комплексном страновом обзоре, подписанного между Правительством Республики Казахстан и Организацией экономического сотрудничества и развития. В тексте обзора, подготовленного на английском языке и переведенного на русский язык, допущены множество языковых и правовых ошибок, поэтому документ Организации экономического сотрудничества и развития такого низкого языкового качества и потенциала не может быть основой для совершенствования системы государственного управления Республики Казахстан. Образец должен быть образцом во всех отношениях.

Ключевые слова: Организация экономического сотрудничества и развития, обзор, официальная информация, совершенствование системы государственного управления, языковые и правовые ошибки.

Abstract. The article discusses the issues of presentation of the review results conducted on the basis of the Agreement on a comprehensive country review signed between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Organization for Economic Cooperation and Development. In the text, prepared in English and translated into the Russian language admitted a lot of language errors and errors of law. The document of the Organization for Economic Cooperation and Development used poor language quality. That is why this review cannot be the basis of improving the system of public administration of the Republic of Kazakhstan. Model document must be exemplary in all respects.

Keywords: Organization for Economic Cooperation and Development, review, official information, improving the system of public administration, linguistic and legal errors.

**ПРИМАШЕВ НҰРЗАДА
МАХАНБЕТҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының профессоры м.а., з.ғ.к.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруде мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдармен қатар, түрлі халықаралық құрылымдардың да алатын орны ерекше. Олардың білікті сарапшылары мен ғалымдары жүргізетін нақты зерттеулер мен жасалған қорытындылар кез келген мемлекет пен қоғамның дамуына оң септігін тигізе алады.

Дамыған экономикасы мен мол тәжірибелі демократиялық институттарды құра білген беделді елдерді қамтитын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) да әлемдік

мемлекеттер мен мемлекеттік басқару жүйелерін дамыту жолында үлкен жұмыстар атқарып жатқаны сала мамандары мен мүдделі зерттеушілерге жақсы таныс. ЭЫДҰ ресми және бейресми көздерден алынған ақпарат, мақсатты зерттеулер арқылы кез келген мемлекеттің жай-күйін, даму болашағы мен мәселелерін зерделеп бере алады.

Бұл ұйым жүргізетін зерттеу жұмыстарының аралық нәтижесі екі жыл сайын жасалатын елдік шолулар болып табылады. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ның Даму орталығымен Қазақстан Республикасына

кешенді елдік шолу жүргізу туралы келісімге қол қойған болатын. Бұл шешімнің бастамашысы ЭЫДҰ болатын. Әлемдік деңгейде болашағы айқын ел ретінде зерттелуге жатқызылған үш елдің қатарында Қазақстанның таңдалуы да тегін емес шығар. Мұндай таңдау – кез келген мемлекет үшін әрі абырой, міндет әрі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған тамаша мүмкіндік.

ЭЫДҰ жүргізетін кешенді шолудың басты мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әлемдік үздік тәжірибе арқылы жетілдіруге ұсыным жасау болып табылатын. Әдеттегідей ол үшін елде алдымен дайындық жұмыстарын, кейінірек нақты зерттеулер жүргізу жоспарланды.

Елдік шолуда мемлекет пен оның басқару жүйесінің жай-күйі, әлеуеті мен даму не болжамды тоқырау бағыттары анық көрсетіледі. Сондықтан кез келген шолуды зерттеу объектісін, яғни мемлекет пен мемлекеттік басқару жүйесін толық қамтитын ресми құжат деп қабылдауға болады. Онда көрсетілген жағдай мен оны өзгерту бойынша берілген ұсыныстардың мемлекеттік мәртебесі бар деуге де тұрарлық. Қолданыстағы тәжірибеге орай, мемлекеттік маңызы бар кез келген шетелдік бұқаралық не жеке сипаттағы құжаттың жоғары сапалы болуы күмән тудырмайтын талап болып табылады.

Халықаралық тіл есебінде, ағылшын тілінде жасалатын құжатты орыс не қазақ тіліне сапалы аудару – тек аудармашылар үшін ғана емес, «орындалды» деген шартты белгі үшін ғана емес, салдары бүкіл мемлекеттік басқару жүйесі үшін ұсыныс әрі міндетті көрсеткіш болып табылады. Оны дұрыс түсіну, толықтай жүзеге асыра білу мемлекеттік қызметшілерге мемлекет пен қоғам қоя білетін тапсырма деуге тұрарлық. Сондықтан оның әзірлеу және қажет жағдайда өзге тілдерге аудару – сапасының жоғары болуы басты шарттардың бірі. Оның дұрыс аударылмағанының өзі де өз алдына бір көрсеткіш бола алады!

Мақала объектісі – шолу – халықаралық тәжірибеге сәйкес, ағылшын тілінде құрылып,

орыс тіліне аударылған. Оның осы мақаланы жазуға арқау әрі оның объектісі болуының себебі – онда көптеген тілдік және құқықтық қателердің жіберілуінде.

Бір жағынан орыс тіліндегі шолудағы қателер туралы қазақ тілінде жазу қисынға келмейтін сияқты. Бірақ мемлекеттік тілдің мәртебесінен гөрі ресми тілдің ауқымы мен жағдайы жоғары болып тұрған кезде, қолдағы және пайымдаулы барлық күштерді жұмылдырып, орыс тіліндегі материалдардың жоғары сапасына баса назар аударылатын жағдайда, осындай сапасы төмен құжат мемлекеттік басқару саласы мамандарының тағы да тілдік әлеуетпен кәсіби айналысуы қажеттігін туындатады. Міне, сондықтан осы мақаланы ресми тілдегі, көбіне үлгі ретінде көрсетілетін мәтіндерге де тілдік талдау жүргізген артық болмайтынының бір дәлелі ретінде қабылдауға болатын шығар (ол бойынша орыс тілінде мақала дайындау жоспарда бар).

Аударма мәселелері кез келген тілден көрініс табады. Қазақстан Республикасында біржақты тәжірибелік саясат жағдайында үнемі қазақ тіліндегі аударма сын астында қалып жатады. Мемлекеттік басқару саласы мен мемлекеттік органдар тәжірибесінде көптеген кемшіліктерді, негізінен қазақ тілінің мамандары мен аудармашыларға арта салатын әдет қалыптасқан. Сайып келгенде, аударма кемшіліктері тек қазақ тіліне ғана тән сияқты болып көрсетіледі. Өкінішке орай, мәселелер ресми тілде де жеткілікті екен.

Жалпы аударма теориясы мен тәжірибесі бойынша аударма негізгі мәтіннің мәні мен мағынасын тең түпнұсқалы қамтамасыз етуі қажет. Ол үлкен жұмысты талап етеді. Осындай ілімдік жағдай Қазақстан Республикасының үштұғырлық тіл саясаты тәжірибесімен күрделене түседі (қазақ, орыс және ағылшын тілдері – тілдік үш типке жатады. Олардың құрылымдары да үш түрлі конструкциялы!). Сондықтан мемлекеттік басқару саласында қолданылатын ресми және бейресми құжаттардың тілдік жоғары сапасын қамтамасыз ету өз алдына жеке саясатты жүргізуді талап етеді. Біржақты басымдықтан

ешкімнің ұтпайтынын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Мақала объектісі болып отырған материал – ЭЫДҰ-ның мемлекеттік басқару бойынша шолулар аясында орындалған Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың орталық органдарына шолу (Обзор центральных органов государственного управления в Казахстане) (бұдан әрі – Шолу).

Шолу 2014 жылдың тамыз айына дейінгі қазақстандық ресми ақпарат негізінде құрылған (ол туралы мәтінде ескерту бар). Шолудың кейбір сөздерін, сөз тіркестері мен сөйлемдерін түсіну қиын. Кейбір тұстары мен тұтастай абзацтары сөздер жиынтығына ұқсайды (бір қарағанда, келтірілген мысалдар контекстен бөліп алынған сияқты болып тұрады. Оларды толықтай көрсетуге де болатын еді, бірақ мақала көлемі оны көтермейді). Мысалы, «в повышении качества государственного управления» (с. 1), «по улучшению качества государственного управления», «центральных органов и министерств», «недавняя реформа государственного управления» (с. 2), «основанную на принципах верховенства закона системе налогообложения», «уровня профессионализма государственных учреждений», «повышение ориентированности на граждан и предпринимателей», «ликвидация коррупции» (с. 9), «в течение предшествующих лет Казахстан проводил» (с. 11) және т.с.с. орыс тілінің лексикалық-синтаксистік заңдылықтарына қайшы келетін сияқты.

Қазақстан Республикасы біртұтас мемлекет болып табылады. Сондықтан «функционирования Центрального Правительства и министерств в Республике Казахстан», «решений Кабинетом, министерствами» (с. 9), «развивать способность органов Центрального Правительства действовать в качестве коллективного органа» (с.10) «оперативная отчетность и надзор» (с. 14) және т.с.с. сөз тіркестерін түсіну қиын. Мысалы, «Центральное Правительство» және «коллективный орган» деген ұғымдар да қате

– біріншісі тілдік, екіншісі құқықтық. Үкімет барлық уақытта ұжымдық емес, алқалы орган болып табылады. Оларға қоса, «Кабинет», «консолидированный Центр», «Центральными органами Правительства», «центральные министерства», «интегрированные органы Центрального Правительства», «Стратегический Центр Правительства» және т.с.с. атаулар да сөздер жиынтығы сияқты. Ондай ұғымдар Қазақстан Республикасы үшін маңызды емес, өйткені ондайлар мемлекеттік құрылыста да, тәжірибеде де, мемлекеттік басқару саласының лексикасында да қолданылмайды.

Шолудағы «В последнее время в рамках административной реформы 2014 г.» (с. 10), «использование Центральными органами Правительства «мягких рычагов» управления» (с. 15), «Каждое министерство осуществляет руководство над рядом автономных государственных организаций, относящихся к одной из четырех правовых организационных форм» (с. 21), «Центральному Правительству Казахстана потребуется сформировать стратегический потенциал» (с. 23), «рассмотрения вопроса о создании Отдела по реализации в Центральном Правительстве (например, в Канцелярии Премьер-Министра)» (с. 24), «Создать интегрированные органы Центрального Правительства» (с. 25), «практика анализа мнений граждан и потребителей госуслуг остается на территории Казахстана недостаточной и неравномерной» (с. 30), «относительно высокий уровень текучести кадров государственных служащих» (с. 36), Законом Республики Казахстан «О государственной службе» от 2011 года», «сотрудники комитетов на республиканском уровне и т.с.с. сөйлемдерде де кемшіліктер бар. Оларға, көбінесе нақтылық жетіспейді.

«Счетный комитет», «институт омбудсмена и надзорные органы парламента» деген атаулар да нақтылауды қажет етеді (с. 87). Осындай кемшіліктер жіберілгендіктен «комитеты создают собственные экспертные группы по вопросам

права. Такое разделение зон ответственности способствует распаду министерств на самостоятельные подразделения», «Службы министерств, предположительно, занимают более удобную позицию», «которые бы обеспечили центральные министерства возможностью контроля» (с. 20), «необходимо уточнить роль Кабинета, отдельных министерств, местных органов власти и подведомственных организаций в сфере принятия решений» (с. 21) деген тұжырымдармен келісу қиын. Мысалы, министрліктердегі әрбір комитеттің құқықтық мәселелер бойынша сараптама топтарын құратыны туралы ресми ақпарат кездестірілген емес.

Шолудың кейбір тұстары Қазақстан Республикасы емес, басқа мемлекеттердің тәжірибесіне арналған сияқты (басқа Шолулардан көшірілген?!). Мысалы, «отраслевых министерств, агентств, государственных корпораций и местных органов» (с. 18), «иные государственные ведомства» (с. 78-79), «в Конституционном суде, Высшем арбитражном (торговом) суде» (с. 105), «конституционный и арбитражный суды» (с. 171) сияқты атаулы құрылымдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы мен заңнамасында кездеспейді!

Орындалуы мүмкін «На уровне системы исполнительной власти в целом Казахстан имеет возможность выделения полномочий Главы государственной службы, который мог бы быть подотчетен Премьер-Министру» деген ұсынымнан «Мемлекеттік қызмет басшысы» деген кім деген объективті сұрақ туындайды (с. 22).

Шолудың ішкі сәйкессіздігіне мысал есебінде ұлттық құрамға қатысты «Казахи – 63,1%; русские – 23,7%;» (с. 53) деген ақпаратты келтіруге болады. Осындай ақпарат келесі бетте өзгеше көрсеткіштік қатынаста берілген: «казахи, а в настоящее время их число превышает 65% (тогда как русское население составляет 21,8%)» (с. 74). Екі нұсқаның қайсы дұрыс? Екеуі де 2013 жылғы көрсеткіш деп берілген. Шолуды оқыған, тексерген мемлекеттік қызметші болған ба?

Қазақстан Республикасының конституциялық мәртебесі бар мемлекеттік органдары атауларын ресімдеуде де көптеген қателер жіберілген. Мысалы, «Высшим органом исполнительной власти в Республике Казахстан является правительство (Кабинет министров)» (с. 78), «премьер-министру, его заместителям и Администрации президента», «в республике работают 2 заместителя премьер-министра», «представляет президенту предложения по любым изменениям в составе правительства», «назначается президентом, который вправе снять его с должности (с согласия парламента)», «председателя Национального банка», «полномочий парламента вошло согласование предлагаемой президентом и правительством кандидатуры премьер-министра, а также право выразить правительству», «судьи Верховного суда избираются Сенатом по предложению Президента и рекомендации Высшего судебного совета», «Администрации президента» және т.с.с. сөйлемдерді басқаша ресімдеу қажет еді. Бұл жерде бұқаралық не жеке сипаттағы кез келген ресми және бейресми құжаттарда ресімдегенде аталған құрылымдардың конституциялық мәртебесі бар екенін естен шығармау қажеттігі ескерілмеген сияқты.

Келесі 79-бетті жаңадан жазғанда не қайтадан дұрыс аударғанда оң болатын еді, өйткені онда көптеген құқықтық қателер жіберілген. Мысалы, онда «Местные органы исполнительной власти называются акиматами и действуют на уровне областей, городов, районов и сельских округов» делінген. Ал Қазақстан Республикасының ауылдық округі деңгейінде әкімдік құрылмайды! Ол туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында арнайы бап та бар (Шолуға жауапты қазақстандық мамандар қайда қараған?).

Шолудағы қателердің бастысы «Деятельностью правительства руководит премьер-министр, который является главой государства в политическом смысле» деген

сөйлемде. Қолданыстағы 1995 жылғы Конституцияның 40-бабы бойынша «Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы», сондықтан шолуды әзірлеген халықаралық сарапшылар мен қазақстандық мамандар жаңалық ашқан сияқты. Құқықтық кемшілік «подписывает принятые правительством законодательные акты» деген тіркесте де жіберілген. Үкімет қабылдайтын нормативтік құқықтық актілер заңнамалық актілерге жатпайтынын шетелдік сарапшылар мүмкін білмейтін де шығар (Қазақстан бойынша халықаралық сарапшының мұны білмеуі оның мәртебесіне сай ма?), ал қазақстандық мамандар ше? Осындай мәселе «круг контрольно-надзорных полномочий парламента» және т.с.с. тіркестерге де қатысты.

Осы беттегі сандық ақпарат та қателі. «Поправки к Конституции предусматривают увеличение количества парламентариев с 38 до 154 человек» дегенде екі тараптың (халықаралық сарапшылар мен қазақстандық мемлекеттік қызметшілер) да мамандарының қателескендері анық. Мемлекеттік басқаруға қатысты кемшіліктер шолудағы сызбаларда да орын алған. Мысалы, 1.6-суреттегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару құрылымында «Национальный банк», «Агентство по делам госслужбы», «Национальный центр по правам человека», «Премьер-министр», «Канцелярия премьер-министра», «суды и органы юстиции», «местные органы исполнительной власти (акиматы - маслихаты)», «акиматы сельских округов» сияқты биліктік бірліктердің орындары ауысып кеткен. Мысалы, мәслихаттың атқарушы биліктің құрамына кіргізілуі – өрескел қате. Сонымен қатар, сарапшылар мен қазақстандық мамандардың сот пен әділет органдарын біріктіруінде қисын жоқ! Түсініксіз! Кейбіреулерінің онда көрсетілуі де күмәнді. Оларға қоса «два города» республиканского значения (бывшая столица Алматы и действующая столица» Астана), возглавляемые акимами (мэрами)» (с. 83), «районных и аульных (сельских) маслихатов»

(с. 84) деген ақпарат та шындыққа жанаспайды.

2014 жылғы тамыз айына дейінгі ақпаратқа негізделген шолудың ақпараттық негізі жаңартылмаған. Оған «аульных (сельских) округах и аулах (селах) маслихатами районов до конца 2013 года» деген және т.с.с. сөйлемдер мысал бола алады (с. 84).

Күрделі қатенің біріне «Агентство по делам государственной службы и противодействию коррупции, а также Счетный комитет осуществляют надзор за исполнительной властью и подчиняются непосредственно Президенту» деген сөйлем жатады (с. 103). Аталған органдар атқарушы билікке қадағалау жүргізеді деуге келмейді.

«Администрация Президента выполняет функции секретариата при Межведомственной комиссии по проведению административной реформы. Она назначает руководителя Секретариата Совета безопасности, председателя Высшего судебного совета, заведующего Секретариатом Государственного секретаря и начальника Канцелярии президента. В целом, Администрация Президента отвечает за информационно-аналитическое, правовое, организационное и документационное обеспечение деятельности президента. В частности, она разрабатывает и выносит на рассмотрение президента предложения по основным направлениям внешней, внутренней, военной, правовой и кадровой политики. Помимо этого, Администрация Президента участвует в определении концепции развития страны до 2013 и 2050 года. Администрация Президента обеспечивает реализацию полномочий президента в отношении парламента, правительства и центральных органов исполнительной власти, Конституционного совета, судов и судей, Центральной избирательной комиссии, местных исполнительных и законодательных органов, а также иных государственных органов, подчиненных непосредственно президенту» деген жолдарда құқықтық та, тілдік те қателер

жіберілген (с. 104). Осындағы, «местные законодательные органы» деген ұғым ағылшын тілінде мүмкін дұрыс болар, бірақ аудармасының дұрыс емес екені анық, өйткені Қазақстан Республикасында бір-ақ заң шығарушы орган бар. Ол – Қазақстан Республикасының Парламенті.

Келесі өрескел қате Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне қатысты ақпаратта жіберілген. Онда «Канцелярия премьер-министра выполняет множество общих функций, в том числе материально-техническое обеспечение правительства и премьер-министра, контроль за реализацией основных приоритетов государственной политики, решений, указов и распоряжений правительства, премьер-министра и президента, консультирование и проведение экспертной оценки документов, выносимых на рассмотрение правительства, координирование ответов на запросы парламента и рассмотрение законопроектов и мер, подготовленных исполнительными органами; обеспечение взаимодействия и представление правительства в Конституционном суде, Высшем арбитражном (торговом) суде, Верховном суде и Мажилисе» делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінде Үкімет пен Премьер-Министрді материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқа құрылымның міндеті емес пе? Премьер-Министрінің Кеңсесінің Конституциялық сот пен Жоғары Төрелік (сауда) сотта Үкімет атынан өкілдік ету функциясы бар ма екен? Көрсетілген екі сот өткен ғасырда қалып кеткен жоқ па? Мұндай өрескел кемшілікті кім жіберген: халықаралық сарапшылар ма, әлде аудармашылар ма?

«Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции, созданное в августе 2014 года в результате реорганизации Агентства по делам госслужбы и Финансовой полиции - это государственный орган, подчиненный и подотчетный непосредственно Президенту» деген жолдардағы «Финансовая полиция» деген атаулы мемлекеттік орган болған ба?(с. 104-

105). Бұл мәселе «Счетный комитет» деген атауға да қатысты.

Келесі «Министерство юстиции Республики Казахстан, непосредственно подчиненное и подотчетное Премьер-Министру» деген сөйлеммен келісуге болмайды, өйткені мұндай тұжырым қолданыстағы Конституцияның 44-бабының 3) тармақшасына сай емес (с. 106).

2.1-суреттегі «Центральные органы государственного управления» деген атаулы сызбадағы «Академия государственного управления», «Национальный центр по правам человека», «Институт экономических исследований» сияқты тиісінше мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның, мемлекеттік орган аппаратының, акционерлік қоғамның орталық атқарушы органдарының қатарында көрсетілуі қате болар (с. 109).

Қате тұжырымдардың қатарына «Президент и премьер-министр назначают уполномоченных представителей в каждую палату парламента, конституционный и арбитражный суды» деген де жатады. Мемлекеттік құрылыста жоқ органдардың көрсетілуінен халықаралық сарапшылар мен мамандар не сауатсыз, не әдеттегідей шетелдік тәжірибеден көшіру - «copy past» тәсілі қолданылған деген ой туындайды (с. 171).

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 3.2-кестеде «Органы, определяющие характер деятельности государственного сектора в Казахстане», яғни мемлекеттік органдар қатарынан орын алуы да өрескел қате (с. 194). Осы оқу орны туралы берілген ақпаратта да қате жіберілген. Онда «Академией государственного управления, которая предлагает как программы, предусматривающие получение определенной ученой степени (магистр или кандидат наук)» делінген (с. 210). Іс жүзінде Қазақстан Республикасында ғылым кандидаты не докторы деген ғылым атақтар берудің 2011 жылы тоқтатылғаны баршаға белгілі. Келесі «Кроме того, академия проводит тестирование государственных служащих и кандидатов на занятие административных

должностей в государственном секторе» деген ақпарат та дұрыс емес. Одан кейінгі «Региональные центры занимаются подготовкой и повышением квалификации государственных служащих на региональном уровне» деген жолдар да шындыққа сай емес, өйткені мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктерін арттыру өңірлік орталықтары мемлекеттік қызметшілерді дайындаумен айналыспайды!

Келесі жолдағы «Error! Bookmark notdefined.» деген не ескертуді, не қызметтік тіркесті сөйлемді дәрекі қателердің бастысы деуге болады!

Шолудағы «Администрация президента обеспечивает исполнение полномочий президента в отношении парламента, правительства и центральных исполнительных органов, Конституционного совета, судов и судей, Центральной избирательной комиссии, местных законодательных и исполнительных органов, а также ведомств, непосредственно подчиненных президенту. Канцелярия премьер-министра, в свою очередь, выступает в роли секретариата и предоставляет информационную, аналитическую, правовую, организационную, документационную и техническую поддержку премьер-министру и правительству» деген абзацта құқықтық та, тілдік те қателер жіберілген (с. 213).

220-шы бетте көрсетілген «Конституционный суд Республики Казахстан» деген құрылым Қазақстан Республикасында жоқ!

Шолудағы «специальные звонки для получения комментариев» (с. 31), «разрабатываемых нормативно-правовых актов» (с. 32), «между управлением кадрами» (с. 37) және т.с.с. сөздер мен сөз тіркестері де қосымша сұрақтар туғызады.

Бұл құжатта ақпараттық қателіктермен қатар тілдік қателер де көп кездеседі. Жалпы мақсатта қолданыла беретін «принятия Указа Президента» деген ұғым құқықтық тұрғыдан дұрыс емес (с. 16). Президент жарлығы барлық уақытта шығарылады.

Құжат орыс тілінде болғандықтан, ондағы «агентства» (с. 20, 45, 300, 336), «реализованы не равномерно» (с.10), «в качества коллективного органа» (с. 29), «Харрикейн Кукмоль Мунай» (с. 59), «государственный орган» (с. 105), «оценка функций Министерства образования и науки», «оценка функций Министерства сельского хозяйства» сияқты сөз бен сөз тіркестеріндегі, атаулардағы грамматикалық қателерді жібермеуге болатын еді. 69-беттегі «трудящихся» деген сөз қазір қолданыстан шығып қалған сияқты. Шолуды жасауға қатысқан сарапшылар тізіміндегі адамның аты-жөнін «Джениферой Аллейной» деп ресімдеуде кемшілік бар сияқты (с. 4).

Сонымен, мақаланы қорытындылай келе шолудың (құжаттың тек жалпы бөлімі қарастырылды) сапасы төмен, қажетті тексерулер мен келісулер жоғары деңгейде жүргізілмеген деуге болады. Шолуда тек қана ақпараттық қана емес, сонымен бірге құқықтық және тілдік кемшіліктер де жіберілген. Зерттеу қорытындыларын ағылшын тілінде ресімдеудің тілдік сапасы мүмкін жоғары шығар, бірақ бәрібір оның ақпараттық сапасының төмен екендігі көрініп тұр. Ондағы кейбір ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесіне сай емес. Мысалдармен толықтырылған мұндай жағдай шолудың ғылыми-зерттеулік әлеуетінің төмендігіне куә бола алады. Одан сапалы ұсыным шыға ма?

Шолу сапасының төмен бағалануын оны әзірлеген халықаралық сарапшылар мен оларға ақпараттық-техникалық, ұйымдастырушылық және т.с.с. көмек көрсеткен мемлекеттік органдар мен қазақстандық мамандар өз жұмыстарын қажетті деңгейде орындамаған деп тұжырымдауға болады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін тыңғылықты зерделеп, конституциялық құрылысты мұқият зерттеп, ағылшын тілінің ерекшеліктерін, орыс тілінің мол мүмкіндіктерін ескеріп, сапалы құжат әзірлеуге болатын еді. Қаншама ресурс бекерге жұмсалды!

Шолу тек ақпараттық мәтін емес, оның ұсынымдық сипаты бар, сондықтан осындай қателіктері бар құжатты Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруде қолдануға болады дегенмен келісуге болмайды. Осы шолу сияқты қаншама ресурсты қажет ететін құжаттардың сапасыз болуы ешкімге жақсылық әкелмейтіні анық. Не оларды жай есеп үшін орындалған іс-шара дейтін болсақ, ол өте қымбат тұратын болып шығады. Ондайлар керек пе? Сала мен тәжірибені

жақсарту үшін мемлекет пен мемлекеттік басқару жүйесінің болашағы мен жай имиджінің жоғары болуы үшін кез келген халықаралық бұқаралық не жеке құрылымдардың қате құжаттарының міндеттілік сипатын болдырмаудың құқықтық тетігін енгізу қажет болар.

Мақаланың басты мақсаты Шолуды сынау емес, сыни көзқараспен контент-талдау арқылы оны бағалау екенін тиісті мамандар түсінер деген үміт бар.

Әдебиет

1. Обзор центральных органов государственного управления в Казахстане//Обзор Центрального управления.

ПРИНЦИПЫ И МЕХАНИЗМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЛЕКСНОЙ ОЦЕНКИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Аннотация. В статье предложены механизмы оценивания государственных служащих на основе алгоритмов и методик, которые формируют количественные оценки их квалификационно-образовательного уровня, личностно-компетентностных качеств и ключевых показателей эффективности.

Ключевые слова: весовые коэффициенты, государственный служащий, комплексная оценка, качества, компетентность, оценивание, результаты деятельности.

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік қызметшілердің біліктілік-білім деңгейін, жеке құзыреттіліктің қасиеттері мен тиімділіктің негізгі өлшемдерін сандық бағалауды қалыптастыратын әдістемелер мен алгоритмдер негізінде оларды бағалаудың механизмдері ұсынылған.

Тірек сөздер: салмақ коэффициенттері, мемлекеттік қызметшілер, кешенді бағалау, сапа, құзыреттілік, бағалау, қызмет нәтижелері.

Abstract. The mechanisms of assessment of civil servants on the basis of algorithms and techniques that form the quantitative assessment of their qualification and the educational level, personality-competency skills and key performance indicators suggested in this article.

Keywords: weights, a civil servant, complex assessment, quality, competence, assessment, results of operations

ЗЕЛИНСКИЙ С.Э.

кандидат технических наук, доцент, докторант Национальной академии государственного управления при Президенте Украины

Главное в оценке деятельности каждого государственного служащего – это выявление и исправление его негативных качеств и слабых сторон в работе, что дает

возможность повысить эффективность деятельности всего органа власти. Более десяти лет в Украине проводится реорганизация деятельности государственных